# ЕСТУ ҚАБІЛЕТІ ЗАҚЫМДАЛҒАН ТҰЛҒАЛАРҒА АРНАЙЫ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІ

дамдармен
әйлеседі,
зінің
үнбе-күнгі
әйлеу
әжірибиесінде тілдің мағыналық жағын меңгереді,
іртіндеп
өздік қоры молайып отырады. Алғашқы кезде бала
әптеген
ыбыстарды, жеке сөздерді үлкендерге еліктеу арқылы
йренеді. Осы кездегі сөздері көбінесе жеке, нақтылы
олып
еледі. Өсе келе өз ана тілінің ішкі заңдылықтарын
йренеді,
ейін есейе келе тілдің дамуы қоғам дамуының
езеңдеріне
ай қалыптасып отырады.
л естімейін балалар жағдайы мүлдем басқаша, есту
абілетінің нашарлауына, есту кемшілігіне байланысты
ала
лкендерге еліктеу арқылы сөз, сөз мағынасын қабылдай
лмайтындықтан арнайы түзету жұмыстары,
айланыстырып
әйлеу тілі дағдыларын қалыптастыру іс.әрекеттері
рнайы
урдопедагогикалық талаптарға сай жүргізіліп, естімейтін
аланың байланыстырып сөйлеу тілі дағдылары
алыптастырылып, өмірге бейімделеді.



**Сөйлеу тілі есту қызметінің нашарлауына тікелей тәуелді. Естімейтін балалар нашар еститіндерге қарағанда даму деңгейі төмен. Естімейтін балалар сөйлеу тілін арнайы оқыту барысында ғана меңгереді, ал нашар еститіндер өздерінің есту қызметінің қалдығы көмегімен, сөздік қорын аз да болса жинай алады. Педагогикалық дерісті дұрыс ұйымдастыру үшін сөйлеу тілінің деңгейін, арнайы білім беру мекемесін анықтау мақсатында есту қызметінің деңгейін білу қажет.Сөйлеу тілінің дамуына есту қызметінің бұзылу уақыты үлкен әсер етеді. Есту қызметі бала өмірінің қай кезеңінде болмасын бұзылуы мүмкін, сөйлеу тілінің деңгейі де осыған байланысты болады. Есту қызметі қанша ерте бұзылса, сонша сөйлеу тілінің деңгейі төмен болады.**





# ЕСТУ ҚАБІЛЕТІ НАШАР ДАМЫҒАН БАЛАЛАРДЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ



ЕСТУ ОРГАНЫ АДАМ ОРГАНИЗМІНДЕ ӨТЕ ҮЛКЕН РӨЛ АТҚАРАДЫ. АДАМНЫҢ ЕСТУ ОРГАНЫ ҮШ БӨЛІМНЕН ТҰРАДЫ: СЫРТҚЫ, ОРТАҢҒЫ ЖӘНЕ ІШКІ ҚҰЛАҚ. ІШТЕН ТУА БІТКЕН СЫРТҚЫ ҚҰЛАҚТЫҢ ЗАҚЫМДАНУЫ СИРЕК КЕЗДЕСЕДІ. СЫРТҚЫ ҚҰЛАҚТЫҢ ТОЛЫҚ БІТЕЛІП ҚАЛУЫН «АТРЕЗИЯ» ДЕЙДІ. АТРЕЗИЯ СЫРТҚЫ ДЫБЫС ТЕСІГІНІҢ ҚАБЫНУЫНАН БОЛАДЫ. СЫРТҚЫ ҚҰЛАҚТЫҢ ЗАҚЫМДАНУЫНА СЫРТҚЫ ДЫБЫС ТЕСІГІНДЕ ЖИНАЛЫП ҚАЛҒАН ҚҰЛЫҚ ТА ЖАТАДЫ. ЕГЕР АДАМНЫҢ ҚҰЛАҒЫНА ҚҰЛЫҚ ЖИНАЛЫП ҚАЛСА, ОЛ МАМАН ДӘРІГЕРГЕ БАРУЫ ТИІС.



- Есту органының күшті бұзылуы бұл - өздігінен немесе емделудің нәтижесінде есту органының жақсармауы. Есту органының күшті бұзылуы іштен туа біткен және жүре пайда болуы мүмкін. Іштен туа біткен есту органының күшті бұзылуы сирек кездеседі. Оның себептері: тұқым қуалаушылық, әйел баласының түрлі дәрі-дәрмектерді қолдануы, оның инфекциялық ауруларымен ауруы.
- Жүре пайда болған себептер: ортаңғы құлақтың күшті қабынуы, мұрын және жұтқыншақ аурулары, ауыр инфекциялық аурулар (менингит, скарлатина, қызылша) туылу кезіндегі баланың алған жарақаттары.
- Есту функциясының бұзылу дәрежесіне қарай есту жетіспеушілігі екіге бөлінеді: кереңдер және құлағының мүкісі бар адамдар.

Қазіргі уақытта есту қабілеті бұзылған балаларды классификациялауда өз әдісін қолданған ғалым Л. В. Нейман. Ол өзінің әдісінде "саңыраулық" диагнозы 75-80дб кезіндегі естудің жоғалуына қойылатынын анықтаған.

Саңыраулық - құлақ калқанының түбінен берілген дыбыстарды өз бетімен қабылдай алмаушылық, тұрақты түрдегі естудің жоғалуы.

Саңыраулық 2-ге бөлінеді: жүре және туа пайда болған.

Естудің нашарлауы – есту қалдығына сүйене отырып, сөйлеу қабілетін игерудің мүмкіндігімен анықталатын тұрақты түрдегі естудің бұзылуы. Естудің нашарлауына - күрделі түрдегі сөйлеу тілі бұзылған есту қабілеті нашар балалар жатады.

Есту қабілеті бұзылуын ғылыми тұрғыдан зерттеген педагогикалық психологиялық классификациясын анықтаған ғалым Р.М. Боскис. Бұл классификацияда есту функциясының бұзылу деңгейі, естудің бұзылу кезінлһдегі сөйлеу тілілің даму деңгейі есту қабілетінің бұзылу уақытын есепке алған.

Есту қабілеті бұзылған балаларға арналған мектептер болғанымен, кей ағдайларда олар жалпы мектептерде білім алуға мәжбүр. Себебі:

1. Естуі бұзылған балаларға арналған арнайы мекемелердің ірі қалаларда ғана орналасуы. Және де бұл мекемелер интернат типінде болғандықтан, ата – аналар балаларын лысқа жіберуден бас тартады.;

2. Жалпы мектептерде мүлдем естімейтін балалар мен есту қалдығы сақталған балалар бір топқа топтасырылуына байланысты есту қалдығы сақталған баланың сөйлеу тілінің дамуына кедергі көп келеді.

3. Көп жағдайда балалардың денсаулығына байланысты арнайы интернат типіндегі мекемелерде білім алуына рұқсат етілмейді

Мұндай жағдайда жалпы білім беретін мектептегі мұғалім интеграция жүйесі бойынша оқытуы тиіс. Мысалы балаға жиі назар аударып, оның оқу материалын естіп отырғандығына назар аудару, оқушыны алдыңғы партаға отырғызу және қосымша сынақхат сияқты жұмыстар жүргізуі тиіс.

***Есту қабілеті бұзылған балаларға арнайы білім беру мазмұнындағы өзіндік ерекшеліктері тұлғаның ортаға бейімделуін, шығармашылық әрекетін, эмоциялық – ерік сферасын дамытуға бағытталған. Мұндай жағдайлар мүлдем естімейтін тұлғаларға полисенсорлық негізде арнайы сабақтар жүргізу арқылы ұйымдастырылады:***

- Ерін қимылынан оқу дағдысын қалыптастыру;
- Сөйлеу техникасын игерту (сөйлеу кезіндегі қимыл);
- Есту қалдығын қолдану және дамыту.





Рассказ Анны Железновой
о ее пути к Богу

